

Алатау қаласы Кеңесінің
шешімімен бекітілді
(2026 жылғы 10 шілдедегі № 1 хаттама)

Қазақстан Республикасының

Әділет Министрлігі

Алматы облыстық Әділет

департаменті

Заңды тұлғаға мемлекеттік

тіркеу жүргізілді

2026ж. « 15 » шілде

БСН 25 1140004374

«Alatau City Authority» арнаулы басқару ұйымы
туралы ереже

Астана, 2026 жыл

Кіріспе

Осы «Alatau City Authority» арнаулы басқару ұйымы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң) 18-бабының 4-тармағына сәйкес әкімшіліктің құрылтай құжаты болып табылады, ол Конституциялық заңның 89-бабының 4-тармағына сәйкес қабылданған және соған сәйкес Алатау қаласының Кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) осы Ережені бекіткен күннен бастап әкімшілік арнаулы басқару ұйымы ұйымдық-құқықтық нысаны болып қайта құрылады.

Аталған қайта құру:

- 1) Конституциялық заңға орай жүзеге асырылады;
- 2) әкімшілік кредиторларының келісімін талап етпейді;
- 3) әкімшілікпен жасалған шарттарды өзгерту немесе бұзу үшін негіз болып табылмайды және осындай шарттар мен міндеттемелер бойынша құқықтар мен міндеттердің тоқтатылуына әкеп соқпайды.

Әкімшілік заңды тұлға, мүшелігі жоқ, арнаулы басқару ұйымы ұйымдық-құқықтық нысанында қызметін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Әкімшіліктің толық атауы: мемлекеттік тілде:

«Alatau City Authority» арнаулы басқару ұйымы;

орыс тілінде: Специальная организация управления «Alatau City Authority»;

ағылшын тілінде: Alatau City Authority Special Management Organization.

Әкімшіліктің қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Alatau City Authority» АБҰ;

орыс тілінде: СОУ «Alatau City Authority»;

ағылшын тілінде: Alatau City Authority SMO.

1- тарау. Жалпы ережелер

1. Әкімшілік Алатау қаласының жұмыс істеуін және дамуын мемлекеттік басқару мен оған басшылық ету, сондай-ақ осы саладағы нормативтік құқықтық реттеу функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Әкімшілік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын, осы Ережені, Қазақстан Республикасының басқа да заңдарын және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын басшылыққа алады.

3. Әкімшіліктің кіріс әкелетін қызметті, егер бұл Алатау қаласының «қарқынды дамитын қала» арнаулы құқықтық режимінде (бұдан әрі – арнаулы құқықтық режим) жұмыс істеуі мен даму мақсатына және әкімшілік

қызметінің мақсатына қол жеткізуге қызмет ететін болса ғана, жүзеге асыруға құқығы бар. Әкімшіліктің өз қызметі нәтижесінде алған кірістері тек қана арнаулы құқықтық режимнің міндеттерін орындауға бағытталады.

Әкімшілік, егер мұндай қатысу арнаулы құқықтық режимнің мақсатына және әкімшілік қызметінің мақсатына қол жеткізуге қызмет ететін болса, Англия мен Уэльстің құқығына немесе басқа шетел мемлекеттерінің құқығына сәйкес құрылған және әрекет ететін консорциумдарға, сондай-ақ заңды тұлғалардың өзге де бірлестіктеріне қатысуға құқылы.

4. Әкімшіліктің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өз атауы бар мөрлері мен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өз атауы бар мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының қазынашылық органдарында шоттары болады, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктерде, шетелдік банктерде және басқа да қаржы ұйымдарында шоттар ашуға құқылы.

5. Әкімшіліктің өкілдіктері Кеңестің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының аумағында да, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде де ашылады және әкімшіліктің мүдделеріне өкілдік етуді жүзеге асырады.

Өкілдіктерді ашу, жабу тәртібі, олардың өкілеттіктері мен құқықтық мәртебесі әкімшіліктің бас атқарушы директорының шешімімен бекітілетін әкімшіліктің өкілдіктері туралы ережелермен айқындалады.

Өкілдіктің қызметіне басшылықты әкімшіліктің бас атқарушы директоры қызметке тағайындайтын (қызметтен босататын) өкілдік директоры жүзеге асырады. Өкілдік директоры өз қызметін өкілдік туралы ереже негізінде жүзеге асырады.

Әкімшілік Кеңестің шешімі бойынша коммерциялық емес және коммерциялық ұйымдарды құрады (бұдан әрі – әкімшілік ұйымдары), оларды қайта ұйымдастырады және таратады, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарға қатысады.

Әкімшілік өзі құратын әкімшілік органдары мен әкімшілік ұйымдарына қатысты олардың құрылтайшысы болып табылады және олардың қызметін реттеу әрі аталған ұйымдардың құқықтық мәртебесін өзгерту туралы шешімдер қабылдау жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Әкімшілік әкімшілік ұйымдары мен әкімшілік органдары қызметінің нысанасы мен мақсаттарын, сондай-ақ олардың түрі мен ұйымдық-құқықтық нысанын әкімшіліктің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес дербес айқындайды, олардың құрылтай құжаттарын, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді.

Әкімшілік ұйымдары мен әкімшілік органдарын құру, қайта ұйымдастыру, тарату тәртібі, қызметінің нысанасы мен мақсаттары, құқықтық мәртебесі және құзыреті әкімшіліктің құқықтық актілерімен және олардың құрылтай құжаттарымен айқындалады.

Өкілдіктердің, әкімшілік органдарының және әкімшілік ұйымдарының қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өздерінің мөрлері мен белгіленген үлгідегі бланкілері болады.

6. Әкімшілік өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі. Әкімшілік, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өндіріп алуға болмайтын мүлікті, сондай-ақ республикалық бюджет қаражаты есебінен құрылған (сатып алынған) немесе Қазақстан Республикасының атынан иелену, пайдалану және билік ету құқықтарын жүзеге асыру үшін әкімшілікке берілген мүлікті қоспағанда, өз міндеттемелері бойынша өзінің барлық мүлкімен жауап береді.

7. Әкімшілік Қазақстан Республикасының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

8. Әкімшілік пен әкімшілік органдарының ұйымдық құрылымы және штат санының лимитін Кеңес бекітеді.

9. Кеңес мүшелері, консультативтік-кеңесші органдардың мүшелері және әкімшіліктің өзге де алқалы басқару органдарының мүшелері әкімшіліктің қызметкерлері болып табылмайды.

10. Әкімшіліктің ішкі қызметіне байланысты өзге де мәселелер әкімшіліктің бас атқарушы директоры бекітетін әкімшілік регламентімен белгіленеді.

11. Әкімшіліктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 040715, Алматы облысы, Алатау қаласы, Жетіген шағын ауданы, Құдайбергенов көшесі, 2.

2-тарау. Әкімшіліктің мақсаттары, функциялары және өкілеттіктері

12. Әкімшілік қызметінің негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

1) арнаулы құқықтық режим шеңберінде Алатау қаласының жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету;

2) стратегиялық құжаттарды тиімді іске асыру, адам капиталын, инвестициялар мен технологияларды тарту және дамыту арқылы Алатау қаласының қарқынды дамуын қамтамасыз ету;

3) озық халықаралық тәжірибе негізінде қалалық кеңістікті басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру.

13. Әкімшілік арнаулы құқықтық режимнің мақсатына, міндеттері мен принциптеріне сәйкес Алатау қаласының жұмыс істеуі мен дамуына жауапты мемлекеттік органның стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын орындайды.

Әкімшілік пен әкімшілік органдары Алатау қаласында іске асыру және бақылау функцияларын «бір терезе» қағидаты бойынша жүзеге асырады.

Егер Конституциялық заңда өзгеше көзделмесе, аталған қағидатты іске асыру үшін Алатау қаласындағы қызмет бойынша барлық хабарламалар, тіркеулер, рұқсаттар, келісулер және өзге де әкімшілік әрекеттерді әкімшілік пен әкімшілік органдары жүзеге асырады.

14. Әкімшіліктің басқару органдары іске асыратын әкімшіліктің өкілеттіктері:

- 1) өз құзыреті шегінде нормативтік және нормативтік емес құқықтық актілерді әзірлейді және қабылдайды;
- 2) Алатау қаласының стратегиялық құжаттарын бекітеді, олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- 3) Конституциялық заңға сәйкес басшылықты және нормативтік құқықтық реттеуді жүзеге асырады;
- 4) Конституциялық заңмен реттелетін қатынастарға байланысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен, олардың лауазымды тұлғаларымен және квазимемлекеттік сектор субъектілерімен салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;
- 5) Алатау қаласында кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүргізуге байланысты тіркеуді, есепке алуды, аккредиттеуді, бизнес-лицензиялауды, реттеушілік лицензиялауды, рұқсаттарды, сертификаттарды және өзге де құжаттарды беруді жүзеге асырады;
- 6) әкімшілік органдарын құрады;
- 7) өкілдіктер құрады, коммерциялық емес және коммерциялық ұйымдарды құрады, оларға қатысады;
- 8) соттар мен арбитраждарда өз мүдделерін білдіреді, арбитраждық талқылауды бастамалайды және Конституциялық заңның, әкімшіліктің шарттық қатынастарының және Алатау қаласындағы қызметті реттеуге, оның жұмыс істеуі мен дамуына байланысты мәселелер бойынша қабылданған әкімшілік актілердің орындалуын қамтамасыз ететін әкімшілік шараларды жүзеге асырады;
- 9) халықаралық даму институттарымен және басқа да коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдармен байланыстарды орнатады және олардың дамуын қамтамасыз етеді, осыған байланысты кез келген келісімдерді, шарттарды, келісімшарттарды жасасады;
- 10) Конституциялық заңға және Кеңес шешімдеріне сәйкес өзінің жекелеген іске асыру және (немесе) бақылау функцияларын және оларға тиісті құзыреттер мен өкілеттіктерді жүзеге асыруды береді;
- 11) Алатау қаласы заңнамасының нормаларына ресми түсіндірме береді;
- 12) әкімшіліктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен Алатау қаласында Алатау резиденттеріне және өзге де тұлғаларға қатысты мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;
- 13) Алатау қаласының тыныс-тіршілігін ұйымдастыру мен жұмыс істеуіне қатысты мәселелер бойынша табиғи монополиялар және қоғамдық маңызы бар нарықтар салаларында нормативтік және нормативтік емес құқықтық актілерді қабылдайды;
- 14) Алатау қаласының жер қорын басқаруды жүзеге асырады;
- 15) Алатау қаласының аумағында және қала маңындағы аймағында бюджеттік және бюджетаралық қатынастар, сатып алу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, кәсіпкерлік қызмет және бизнес-лицензиялау, реттеушілік лицензиялау және рұқсат беру рәсімдері, тауарлардың,

жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің айналымы, салық режимі, кеден режимі, валюталық реттеу және валюталық бақылау, цифрлық активтерді реттеу, қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын пайдалану, цифрлық объектілер мен цифрлық деректер, цифрлық жазбалар, инновациялық қалалық мобильділік, креативті индустрия, ойын бизнесі қызметі, еңбек қатынастарын реттеу және шетелдік қызметкерлерді тарту, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың көші-қон режимі, стандарттау және техникалық реттеу, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары, жылжымайтын мүлік, жер қатынастары, әкімшілік-деликтік құқық бұзушылықтар салаларында, сондай-ақ қаржы саласында функцияларды; мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру, ақшалай міндеттемелерді орындау, мемлекеттік емес білім беру ұйымдарының қызметі, мемлекеттік емес медициналық ұйымдардың қызметі, цифрлық өзара іс-қимыл және қызметтер көрсету, эксперименталды құқықтық режимді енгізу мәселелері бойынша функцияларды және Конституциялық заңнан туындайтын өзге де функцияларды жүзеге асырады;

16) Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы заңнамасында, әкімшіліктің нормативтік емес құқықтық актілерінде, осы Ережеде және (немесе) Кеңестің жекелеген шешімдерінде айқындалатын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3-тарау. Әкімшіліктің басқару органдары

15. Әкімшіліктің басқару органдары мыналар болып табылады:

- 1) Алатау қаласының Кеңесі – әкімшіліктің жоғары алқалы басқару органы;
- 2) реттеуші комиссия – Алатау қаласының институционалдық дамуын қамтамасыз ететін алқалы орган;
- 3) бас атқарушы директор – әкімшілік қызметіне басшылықты жүзеге асыратын атқарушы орган;
- 4) өзге де басқару органдары.

1-параграф. Кеңес

16. Кеңес әкімшіліктің Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі басқаратын тұрақты жұмыс істейтін жоғары алқалы басқару органы болып табылады.

Кеңестің дербес құрамы және ол туралы ереже Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

17. Кеңес өз мүшелерінің арасынан Кеңестің комитеттерін құруға, бұл комитеттерге Кеңестің кейбір өкілеттіктерін, соның ішінде реттеуші ережелерді әзірлеу және бекіту жөніндегі өкілеттіктерді де жүзеге асыруды беруге құқылы. Кеңес комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс

тәртібі, олардың өкілеттіктері, комитеттердің сандық құрамы, Кеңестің берілген өкілеттіктері Кеңестің шешімдерімен және (немесе) Кеңес бекітетін әкімшіліктің ішкі құжаттарымен айқындалады.

18. Кеңес қызметінің міндеттері, құзыреті және өзге де мәселелері Конституциялық заңмен және Кеңес туралы ережемен айқындалады.

2-параграф. Реттеуші комиссия

19. Реттеуші комиссия Кеңес сайлайтын мүшелерден тұрады.

20. Кеңес реттеуші комиссия мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен шарттарын, сондай-ақ мұндай мүшелерге олардың реттеуші комиссия жұмысына қатысуына тікелей байланысты шығыстарын өтеуді айқындайды.

21. Реттеуші комиссия мүшелеріне қойылатын талаптар, реттеуші комиссияның құзыреті, оны қалыптастыру тәртібі және оның қызметінің өзге де мәселелері Кеңес бекітетін оның ережесімен айқындалады.

22. Реттеуші комиссияның жұмыс тәртібі өзі бекітетін регламентпен айқындалады.

3-параграф. Бас атқарушы директор және оның орынбасарлары

23. Бас атқарушы директор Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Алатау қаласындағы өкілі болып табылады.

24. Бас атқарушы директор мемлекеттік қызметші болып табылады. Оның қызметі Конституциялық заңның ережелерін ескере отырып, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

25. Бас атқарушы директор әкімшіліктің дара атқарушы органы болып табылады, оның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады, Кеңес, оның комитеттері мен реттеуші комиссия шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

26. Бас атқарушы директор және оның орынбасарлары Кеңеспен бес жыл мерзімге қызметке тағайындалады және Кеңеспен қызметтен босатылады. Бас атқарушы директордың кемінде төрт орынбасары болады.

27. Бас атқарушы директор өз шешімімен өзінің орынбасарлары арасында міндеттерді, өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі. Бас атқарушы директордың орынбасарлары өздеріне берілген сенімхаттар негізінде әкімшіліктің мүдделерін білдіреді және берілген өкілеттіктер шегінде әрекет етеді. Бас атқарушы директордың орынбасарлары өз өкілеттіктерін Алатау қаласының заңнамасына, осы Ережеге, әкімшіліктің ішкі құжаттарына және функционалдық міндеттерді, өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөлуге сәйкес жүзеге асырады.

28. Бас атқарушы директордың өкілеттіктері:

- 1) әкімшіліктің басқару органдарының шешімдерін іске асырады;
- 2) әкімшіліктің атқарушы органының ағымдағы қызметіне басшылық етеді;
- 3) Кеңестің бекітуіне әкімшілік пен әкімшілік органдарының ұйымдық құрылымы мен штат санының лимитін ұсынады;
- 4) әкімшіліктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында, өзге де мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы және одан тыс жерлердегі жеке және заңды тұлғалардың алдында оның мүдделерін білдіреді;
- 5) үшінші тұлғалармен қатынастарда әкімшіліктің мүдделерін білдіру құқығына сенімхаттар береді;
- 6) Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимде жұмыс істеуі мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүзеге асырады;
- 7) Кеңестің қарауына өз орынбасарларын лауазымға тағайындау үшін олардың кандидатураларын енгізеді;
- 8) әкімшіліктің қызметкерлері болып табылатын Алатау қаласының қызметшілерін лауазымдарға тағайындайды және лауазымдардан босатады, оларды көтермелейді және оларға тәртіптік жазалар қолданады;
- 9) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде Алатау қаласы мен әкімшіліктің атынан өкілдік етеді;
- 10) Кеңес бекіткен әкімшілік пен әкімшілік органдары штат санының лимиті негізінде олардың штат кестелерін бекітеді;
- 11) әкімшілік органдарының құрылтай құжаттарын бекітеді;
- 12) әкімшілік ұйымдарының құрылтай құжаттарын бекітеді;
- 13) әкімшілік өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;
- 14) әкімшілік регламентін бекітеді;
- 15) әкімшілік өкілдігінің директорын лауазымға тағайындайды;
- 16) әкімшіліктің нормативтік құқықтық актілеріне және (немесе) құрылтай құжаттарына сәйкес әкімшілік ұйымдарының, әкімшілік органдарының, әкімшілік өкілдіктерінің және әкімшілік қатысатын заңды тұлғалардың жоғары басқару органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;
- 17) әкімшілік атынан шарттар (келісімдер, келісімшарттар) жасасады;
- 18) әкімшіліктің нормативтік құқықтық актілеріне және (немесе) әкімшіліктің ішкі құжаттарына сәйкес әкімшілік мүлкіне және әкімшілік бюджетіне билік етеді;
- 19) Конституциялық заңмен, әкімшіліктің нормативтік құқықтық актілерімен, әкімшіліктің ішкі құжаттарымен және осы Ережемен Кеңестің, реттеуші комиссияның және әкімшіліктің өзге де басқару органдарының құзыретіне жатқызылмаған әкімшілік қызметінің барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;
- 20) өз құзыретіне кіретін жекелеген мәселелерді шешуді өзінің

орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына және Алатау қаласының өзге де қызметшілеріне тапсырады;

21) әкімшіліктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

22) қабылдануы Конституциялық заңмен, Кеңес немесе реттеуші комиссия бекітетін әкімшіліктің нормативтік құқықтық актілерімен оның құзыретіне жатқызылған реттеуші бұйрықтар түріндегі нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

23) Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенген халықаралық шарттарды және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының жобаларын Конституциялық заңда белгіленген әкімшілік құзыреті шегінде келіседі;

24) орталық мемлекеттік органдар және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар шығаратын, арнаулы құқықтық режим туралы заңнаманың құрамына кіретін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әкімшілік құзыреті шегінде келіседі;

25) әкімшіліктің таратылуы шектелген қызметтік ақпаратпен жұмыс істеу қағидаларын және «Қызметтік пайдалану үшін» деген белгімен шектелуге тиіс қызметтік құжаттардың тізбесін бекітеді;

26) Конституциялық заңда, әкімшіліктің нормативтік және нормативтік емес құқықтық актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4-тарау. Әкімшіліктің мүлкі

29. Әкімшіліктің мүлкі мүліктік жарналар, сатып алу нәтижесінде немесе заңда тыйым салынбаған өзге де тәсілмен қалыптастырылады.

Әкімшілік өзіне иеленуге, пайдалануға және билік етуге берілген, сондай-ақ республикалық бюджет қаражаты және Конституциялық заңда көзделген салықтардан, алымдардан және өзге де міндетті төлемдерден әкімшілік бюджетіне түсетін түсімдер есебінен құрылған (сатып алынған) мемлекеттік мүлікке қатысты құқықтарды Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырады.

Әкімшіліктің мүлкі осы мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыру үшін әкімшілікке берілген мемлекеттік мүліктен оқшауланған болып табылады. Мемлекеттік мүлік әкімшіліктің жеке теңгерімінде көрсетіледі және оған қатысты әкімшілік бөлек есеп жүргізеді.

30. Әкімшілік өзінің мүлкіне және өзіне иеленуге, пайдалануға және билік етуге берілген мемлекеттік мүлікке тек осы Ережеде айқындалған әкімшілік қызметінің мақсаттарында және шегінде ғана, арнаулы құқықтық режимнің міндеттері мен қағидаттарын ескере отырып билік етуге құқылы.

31. Әкімшіліктің мемлекеттік мүлік болып табылатын қаражатты шетелдік банктердегі және басқа да шетелдік қаржы ұйымдарындағы шоттарға орналастыруға құқығы жоқ.

32. Әкімшіліктің мүлкін және Қазақстан Республикасының атынан иелену, пайдалану және билік ету құқықтарын жүзеге асыру үшін әкімшілікке берілген мемлекеттік мүлікті қалыптастыру көздері мыналар болып табылады:

- 1) әкімшіліктің құрылтайшысы ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметінен түсетін түсімдер, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты;
- 2) Алатау қаласының коммуналдық мүлкі түріндегі түсімдер;
- 3) үшінші тұлғалардың ерікті мүліктік жарналары мен қайыrmалықтары;
- 4) әкімшілік қызметін жүзеге асырудан алынған кірістер;
- 5) дивидендтер (қатысу үлестері, акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар мен салымдар (депозиттер) бойынша алынатын кірістер, сыйақы);
- 6) Конституциялық заңда көзделген салықтар, алымдар және басқа да міндетті төлемдер бойынша түсімдер;
- 7) Кеңестің шешімі бойынша әкімшіліктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де көздер.

5-тарау. Әкімшілікті қайта ұйымдастыру немесе тарату

33. Әкімшілік банкроттыққа жатпайды.

Әкімшілік оның қайта ұйымдастырылу немесе таратылу тәртібін, сондай-ақ оның мүлкінің заңдық тағдырын айқындайтын Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар негізінде қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.

Утверждено
решением Совета города Алатау
(протокол № 1 от 10.07.2026 года)

**Положение
о Специальной организации управления
«Alatau City Authority»**

Астана, 2026 год

Преамбула

Настоящее Положение о Специальной организации управления «Alatau City Authority» (далее – Положение) является учредительным документом администрации согласно пункту 4 статьи 18 Конституционного закона Республики Казахстан «О специальном правовом режиме города Алатау» (далее – Конституционный закон), принятым согласно пункту 4 статьи 89 Конституционного закона, в соответствии с которым администрация преобразовывается в организационно-правовую форму специальной организации управления со дня утверждения Советом города Алатау (далее – Совет) настоящего Положения.

Указанное преобразование:

- 1) осуществляется в силу Конституционного закона;
- 2) не требует согласия кредиторов администрации;
- 3) не является основанием для изменения или расторжения договоров, заключенных с администрацией, и не влечет прекращения прав и обязанностей по таким договорам и обязательствам.

Администрация является юридическим лицом, не имеющей членства некоммерческой организацией, осуществляющей деятельность в организационно-правовой форме специальной организации управления.

Полное наименование администрации:

на государственном языке: «Alatau City Authority» Арнаулы басқару ұйымы;

на русском языке: Специальная организация управления «Alatau City Authority»;

на английском языке: Alatau City Authority Special Management Organization.

Сокращенное наименование администрации:

на государственном языке: «Alatau City Authority» АБҰ;

на русском языке: СОУ «Alatau City Authority»;

на английском языке: Alatau City Authority SMO.

Глава 1. Общие положения

1. Администрация является государственным органом, осуществляющим функции государственного управления и руководства функционированием и развитием города Алатау, а также нормативного правового регулирования в данной сфере.

2. Администрация в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Конституционным законом Республики Казахстан «О специальном правовом режиме города Алатау», настоящим Положением, другими законами Республики Казахстан и международными договорами Республики Казахстан.

3. Администрация имеет право осуществлять приносящую доходы деятельность лишь постольку, поскольку это служит достижению цели функционирования и развития города Алатау в специальном правовом режиме «города ускоренного развития» (далее – специальный правовой режим) и цели деятельности администрации. Доходы администрации, полученные в результате ее деятельности, направляются исключительно на выполнение задач специального правового режима.

Администрация вправе участвовать в консорциумах, а также в иных объединениях юридических лиц, созданных и действующих в соответствии с правом Англии и Уэльса либо правом иных иностранных государств, если такое участие служит достижению цели специального правового режима и цели деятельности администрации.

4. Администрация имеет печати со своим наименованием на казахском, русском и английском языках с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и штампы со своим наименованием на казахском, русском и английском языках, бланки установленного образца, счета в органах казначейства Республики Казахстан, а также вправе открывать счета в банках второго уровня, иностранных банках и других финансовых организациях.

5. Представительства администрации открываются по решению Совета, как на территории Республики Казахстан, так и за пределами Республики Казахстан, и осуществляют представительство интересов администрации.

Порядок открытия, закрытия представительств, их полномочия и правовой статус определяются положениями о представительствах администрации, утверждаемыми решением главного исполнительного директора администрации.

Руководство деятельностью представительства осуществляет директор представительства, назначаемый на должность (освобождаемый от должности) главным исполнительным директором администрации. Директор представительства осуществляет свою деятельность на основании положения о представительстве.

Администрация по решению Совета учреждает некоммерческие и коммерческие организации (далее – организации администрации), реорганизовывает и ликвидирует их, принимает участие в коммерческих и некоммерческих организациях.

Администрация по отношению к создаваемым ею органам администрации и организациям администрации, является их учредителем и осуществляет полномочия по регулированию их деятельности и принятию решений об изменении правового статуса названных организаций.

Администрация самостоятельно определяет предмет и цели деятельности организаций администрации и органов администрации, а также их вид и организационно-правовую форму в соответствии с нормативными правовыми актами администрации, утверждает их учредительные документы, изменения и дополнения в них.

Порядок создания, реорганизации, ликвидации, предмет и цели деятельности, правовой статус и компетенция организаций администрации и органов администрации определяются правовыми актами администрации и их учредительными документами.

Представительства администрации, органы администрации и организации администрации имеют свои печати и бланки установленного образца, на казахском, русском и английском языках.

6. Администрация вступает в гражданско-правовые отношения от собственного имени.

Администрация отвечает по своим обязательствам всем своим имуществом, за исключением имущества, на которое в соответствии с законами Республики Казахстан не может быть обращено взыскание, а также имущества, созданного (приобретенного) за счет средств республиканского бюджета либо переданного администрации для осуществления прав владения, пользования и распоряжения от имени Республики Казахстан.

7. Администрация не отвечает по обязательствам Республики Казахстан.

8. Организационная структура и лимит штатной численности администрации и органов администрации утверждаются Советом.

9. Не являются работниками администрации члены Совета, члены консультативно-совещательных органов и члены иных коллегиальных органов управления администрации.

10. Иные вопросы, связанные с внутренней деятельностью администрации, устанавливаются регламентом администрации, утверждаемым главным исполнительным директором администрации.

11. Местонахождение администрации: Республика Казахстан, 040715, Алматинская область, город Алатау, микрорайон Жетыген, улица Кудайбергенова 2.

Глава 2. Цели, функции и полномочия администрации

12. Основными целями деятельности администрации являются:

1) обеспечение функционирования и развития города Алатау в рамках специального правового режима;

2) обеспечение ускоренного развития города Алатау посредством эффективной реализации стратегических документов, привлечения и развития человеческого капитала, инвестиций и технологий;

3) формирование эффективной системы управления городским пространством на основе передового международного опыта.

13. Администрация выполняет стратегические, регулятивные, реализационные и контрольные функции государственного органа, ответственного за функционирование и развитие города Алатау, в соответствии с целью, задачами и принципами специального правового режима.

Администрация и органы администрации осуществляют реализационные и контрольные функции в городе Алатау по принципу «единого окна».

Если иное не предусмотрено Конституционным законом, в реализацию указанного принципа все уведомления, регистрации, разрешения, согласования и иные административные действия по деятельности в городе Алатау осуществляются администрацией и органами администрации.

14. Полномочия администрации, реализуемые органами управления администрации:

1) разрабатывает и принимает в пределах своей компетенции нормативные и ненормативные правовые акты;

2) утверждает стратегические документы города Алатау, обеспечивает их реализацию;

3) осуществляет руководство и нормативное правовое регулирование в соответствии с Конституционным законом;

4) осуществляет межотраслевую координацию с государственными органами, их должностными лицами и субъектами квазигосударственного сектора Республики Казахстан по вопросам, связанным с отношениями, регулирующими Конституционным законом;

5) осуществляет регистрацию, учет, аккредитацию, бизнес-лицензирование, регуляторное лицензирование, выдачу разрешений, сертификатов и иных документов, связанных с ведением предпринимательской и иной деятельности в городе Алатау;

6) создает органы администрации;

7) создает представительства, учреждает некоммерческие и коммерческие организации, участвует в них;

8) представляет свои интересы в судах и арбитражах, инициирует арбитражное разбирательство и осуществляет административные меры, обеспечивающие исполнение Конституционного закона, договорных отношений администрации и принятых административных актов по вопросам, связанным с регулированием деятельности в городе Алатау, его функционированием и развитием;

9) устанавливает и обеспечивает развитие связей с международными институтами развития и другими организациями, в связи с чем заключает любые соглашения, договоры, контракты;

10) делегирует осуществление отдельных своих реализационных и (или) контрольных функций и соответствующих им компетенций и полномочий в соответствии с Конституционным законом и решениями Совета;

11) предоставляет официальные разъяснения норм законодательства города Алатау;

12) осуществляет государственный контроль и надзор в городе Алатау в отношении резидентов Алатау и иных лиц в городе Алатау в порядке, определенном нормативными правовыми актами администрации;

- 13) осуществляет управление земельным фондом города Алатау;
- 14) осуществляет функции в сферах бюджетных и межбюджетных отношений, закупок, государственно-частного партнерства, предпринимательской деятельности и бизнес-лицензирования, регуляторного лицензирования и разрешительных процедур, обращения товаров, работ и услуг, налогового режима, таможенного режима, валютного регулирования и валютного контроля, регулирования цифровых активов, охраны окружающей среды, пользования недрами на территории и в пригородной зоне города Алатау, цифровых объектов и цифровых данных, цифровых записях, инновационной городской мобильности, креативной индустрии, игровой деятельности, регулирования трудовых отношений и привлечения иностранных работников, миграционного режима иностранных граждан и лиц без гражданства, стандартизации и технического регулирования, архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, жилищных отношений, недвижимости, земельных отношений, административно-деликтных правонарушений, а также в финансовой сфере; по вопросам планирования и реализации государственных инвестиционных проектов, исполнения денежных обязательств, деятельности негосударственных организаций образования, деятельности негосударственных медицинских организаций, цифрового взаимодействия и предоставления услуг, введения экспериментального правового режима и иные функции, вытекающие из Конституционного закона;
- 15) осуществляет иные полномочия, определяемые Конституционным законом, законодательством Республики Казахстан о специальном правовом режиме города Алатау, ненормативными правовыми актами администрации, настоящим Положением и (или) отдельными решениями Совета.

Глава 3. Органы управления администрации

15. Органами управления администрации являются:
- 1) Совет города Алатау – высший коллегиальный орган управления администрации;
 - 2) регуляторная комиссия – коллегиальный орган, обеспечивающий институциональное развитие города Алатау;
 - 3) главный исполнительный директор – исполнительный орган, осуществляющий руководство деятельностью администрации;
 - 4) иные органы управления.

Параграф 1. Совет

16. Совет является постоянно действующим высшим коллегиальным органом управления администрации, возглавляемым Премьер-Министром Республики Казахстан.

Персональный состав Совета и положение о нем утверждаются Президентом Республики Казахстан.

17. Совет вправе образовывать комитеты Совета из числа членов Совета, делегировав данным комитетам некоторые полномочия Совета, в том числе и по разработке и утверждению регуляторных положений.

Порядок формирования и работы комитетов Совета, их полномочия, количественный состав комитетов, делегированные полномочия Совета определяются решениями Совета и (или) внутренними документами администрации, утверждаемыми Советом.

18. Задачи, компетенция и иные вопросы деятельности Совета определяются Конституционным законом и Положением о Совете.

Параграф 2. Регуляторная комиссия

19. Регуляторная комиссия состоит из членов, избираемых Советом.

20. Совет определяет размер и условия выплаты вознаграждений членам регуляторной комиссии, а также компенсации таким членам расходов, непосредственно связанных с участием в работе регуляторной комиссии.

21. Требования к членам регуляторной комиссии, компетенция, порядок формирования и иные вопросы деятельности регуляторной комиссии определяются ее положением, утверждаемым Советом.

22. Порядок работы регуляторной комиссии определяется регламентом, утверждаемым ею.

Параграф 3. Главный исполнительный директор и его заместители

23. Главный исполнительный директор является представителем Президента Республики Казахстан и Правительства Республики Казахстан в городе Алатау.

24. Главный исполнительный директор является государственным служащим. Его деятельность регулируется Законом Республики Казахстан «О государственной службе Республики Казахстан» с учетом положений Конституционного закона.

25. Главный исполнительный директор является единоличным исполнительным органом администрации, осуществляет руководство ее текущей деятельностью, обеспечивает исполнение решений Совета, его комитетов и регуляторной комиссии.

26. Главный исполнительный директор и его заместители назначаются Советом сроком на пять лет и освобождаются от должности Советом.

Главный исполнительный директор имеет не менее четырех заместителей.

27. Главный исполнительный директор своим решением распределяет обязанности, сферы полномочий и ответственности между своими заместителями.

Заместители главного исполнительного директора представляют интересы администрации на основании выданных им доверенностей и действуют в пределах предоставленных полномочий.

Заместители главного исполнительного директора осуществляют свои полномочия в соответствии с законодательством города Алатау, настоящим Положением, внутренними документами администрации и распределением функциональных обязанностей, сферы полномочий и ответственности.

28. Полномочия главного исполнительного директора:

- 1) реализует решения органов управления администрации;
- 2) руководит текущей деятельностью исполнительного органа администрации;
- 3) представляет на утверждение Совета организационную структуру и лимит штатной численности администрации и органов администрации;
- 4) без доверенности действует от имени администрации, представляет ее интересы в государственных органах, иных государственных и негосударственных организациях Республики Казахстан, а также перед физическими и юридическими лицами в Республике Казахстан и за ее пределами;
- 5) выдает доверенности на право представления интересов администрации в отношениях с третьими лицами;
- 6) осуществляет информационно-разъяснительную работу как на территории Республики Казахстан, так и за ее пределами в целях функционирования города Алатау в специальном правовом режиме;
- 7) вносит на рассмотрение Совета кандидатуры своих заместителей для их назначения;
- 8) назначает на должности и освобождает от должности служащих города Алатау, являющихся работниками администрации, поощряет и налагает дисциплинарные взыскания на них;
- 9) представляет в пределах своей компетенции город Алатау и администрацию в Республике Казахстан и за ее пределами;
- 10) на основании утвержденного Советом лимита штатной численности администрации и органов администрации утверждает их штатные расписания;
- 11) утверждает учредительные документы органов администрации;
- 12) утверждает учредительные документы организаций администрации;
- 13) утверждает положения о представительствах администрации;
- 14) утверждает регламент администрации;
- 15) назначает на должность директора представительства администрации;
- 16) принимает решения по вопросам, относящимся в соответствии с нормативными правовыми актами администрации и (или) учредительными документами к компетенции высших органов управления организаций администрации, органов Администрации, представительств администрации и

юридических лиц, в которых администрация участвует;

17) заключает от имени администрации договоры (соглашения, контракты);

18) распоряжается в соответствии с нормативными правовыми актами администрации и (или) внутренними документами администрации имуществом администрации и бюджетом администрации;

19) принимает решения по всем вопросам деятельности администрации, не отнесенным Конституционным законом, нормативными правовыми актами администрации, внутренними документами администрации и настоящим Положением к компетенции Совета, регуляторной комиссии и иных органов управления администрации;

20) поручает решение отдельных вопросов, входящих в его компетенцию, своим заместителям, руководителям структурных подразделений и иным служащим города Алатау;

21) утверждает положения о структурных подразделениях администрации;

22) принимает нормативные правовые акты в виде регуляторных приказов, принятие которых Конституционным законом, нормативными правовыми актами администрации, утверждаемыми Советом или регуляторной комиссией отнесено к его компетенции;

23) согласовывает в пределах компетенции администрации, установленной Конституционным законом международные договоры, участницей которых намеревается стать Республика Казахстан, и проекты международных договоров Республики Казахстан;

24) согласовывает в пределах компетенции администрации подзаконные нормативные правовые акты, входящие в состав законодательства о специальном правовом режиме, издаваемые центральными государственными органами и государственными органами Республики Казахстан, непосредственно подчиненными и подотчетными Президенту Республики Казахстан;

25) утверждает правила работы со служебной информацией ограниченного распространения администрации и перечень служебных документов подлежащих ограничению с пометкой «Для служебного пользования»;

26) осуществляет иные полномочия, предусмотренные Конституционным законом, нормативными и ненормативными правовыми актами администрации.

Глава 4. Имущество администрации

29. Имущество администрации формируется в результате имущественных взносов, приобретения или иным не запрещенным законом способом.

Администрация осуществляет от имени Республики Казахстан права в отношении государственного имущества, переданного администрации во владение, пользование и распоряжение, а также созданного (приобретенного) за счет средств республиканского бюджета и поступлений в бюджет администрации от налогов, сборов и иных обязательных платежей, предусмотренных Конституционным законом.

Имущество администрации является обособленным от государственного имущества, переданного администрации для осуществления права владения, пользования и распоряжения этим имуществом. Государственное имущество отражается на отдельном балансе администрации, и в его отношении администрацией ведется раздельный учет.

30. Администрация вправе распоряжаться своим имуществом и переданным ей во владение, пользование и распоряжение государственным имуществом только в целях и пределах деятельности администрации, определённых настоящим Положением, с учетом задач и принципов специального правового режима.

31. Администрация не вправе размещать средства, являющиеся государственным имуществом, на счетах в иностранных банках и других иностранных финансовых организациях.

32. Источниками формирования имущества администрации и государственного имущества, переданного администрации для осуществления прав владения, пользования и распоряжения от имени Республики Казахстан, являются:

- 1) поступления от Правительства Республики Казахстан как учредителя администрации, в том числе средства республиканского бюджета;
- 2) поступления в виде коммунального имущества города Алатау;
- 3) добровольные имущественные взносы и пожертвования третьих лиц;
- 4) доходы, полученные от осуществления деятельности администрации;
- 5) дивиденды (доходы, вознаграждение, получаемые по долям участия, акциям, облигациям, другим ценным бумагам и вкладам (депозитам));
- 6) поступления по налогам, сборам и другим обязательным платежам, предусмотренные Конституционным законом;
- 7) иные источники, предусмотренные нормативными правовыми актами администрации по решению Совета.

Глава 5. Реорганизация или ликвидация администрации

33. Администрация не подлежит банкротству.

Администрация может быть реорганизована или ликвидирована на основании изменений и дополнений Конституционного закона, определяющих порядок ее реорганизации или ликвидации, а также юридическую судьбу ее имущества.

